

Мәлімет

24 қыркүйек күні діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың алдын-алу жұмыстары аясында « Не істеу керек...» тақырыбында дәріс оқылды. Аталған шараға 5-11 сынып білім алушылары қатысты. Білім алушылар жарылғыш затқа ұқсас зат тауып алуға байланысты, терроризм актісі бойынша телефон арқылы туындайтын қауіп, кепілге алған кезде, терроризмнің әлеуетті қаупі немесе терроризм актісі жасалған жағдайда, сондай-ақ терроризмге қарсы операция жүргізу жағдайында адамдардың жаппай жиналу объектілеріндегі іс-қимыл туралы жаднамалармен таныстырылды.

Балалар үшін арнайы ұсынымдар:

Көшеде немесе кіре берісте табылған кез келген заттың қауіпті болуы мүмкін екенін балаларға түсіндіріңіз.

Жарылғыш құрылғылар болып шығуы мүмкін, табылған немесе күдікті заттармен ешқандай іс-әрекеттерді өз бетіңізше жасамаңыз – бұл олардың жарылуына, көптеген қазаға ұшырауға және қирауға әкелуі мүмкін.

Балалардың жасына, жетілуіне, тұратын және оқитын жеріне қарай ата-аналар оларға жеке қауіпсіздік шараларын сақтауды үйретуі қажет.

Балаларға:

өзінің толық есімін, тегін, мекенжайын және телефон нөмірін жаттап алуға;

егер таныс емес жерде (дүкенде және т.б.) адасып кетсе, полиция қызметкерлерінен, әскери қызметшілерден, нысандық киімдегі басқа адамдардан, егде жастағы әйелдерден көмек сұрауға;

оқшауланған көшелер мен ойын алаңшаларынан аулақ болуға, топта жүруге және ойнауға;

отбасы мүшелеріне өзінің жүрген жерін хабарлауға (бұл жердің қайда екенін білетініңізге көз жеткізіңіз);

бейтаныс адамдармен ешқашан сөйлеспеуге және ешқайда бармауға;

бөгде адамдарға отбасы мүшелерінің табысы, жұмысқа кететін және жұмыстан келетін уақыты, жоспарланып отырған демалыстар мен ұзақ жол жүрулер, басқа да жеке құпия ақпарат туралы ешқашан хабарламауға кеңес беріңіз.



Орындаған: Жасаганбергенова Б.И